

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Тұрақты даму саласындағы саясатын іске асыру
бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Тұрақты даму саласындағы саясатын іске асыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қоғамның Тұрақты даму саласындағы саясатын іске асырудағы қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

Бағдарлама келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

БҰҰ-ның 2021-2025 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы;

Инчхон декларациясы және ТДМ 4 – Білім беру-2030: Негіздемелік әрекет бағдарламасы (2015 ж.);

Қоғамның тұрақты даму саласындағы саясаты;

АВАІ UNIVERSITY 2022-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия),

Стратегияны іске асыру жоспары.

2. Әлемнің беделді универсиеттері рейтингіне қатысу үшін Қоғамның Бағдарламаны іске асыру бойынша қызмет нәтижелері Қоғам сайтында, «Time Higher Education Impact Rankings» бөлімінде көрсетілген: <https://sdgs.abaiuniversity.edu.kz/sdgs-layout/>

2. Терминдер мен анықтамалар

Бағдарламада келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) АМД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- 2) ХЫД – халықаралық ынтымақтастық департаменті;
- 3) ИДД – инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент;
- 4) ББЦД – білім беруді цифрландыру департаменті;
- 5) СД – стратегия департаменті;
- 6) ТӘЖЖЖСД – тәрбие, әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі департамент;
- 7) ҒД – ғылым департаменті;
- 8) БББЖД – білім беру бағдарламаларын жобалау департаменті;
- 9) КСБ – кадрлық саясат бөлімі;
- 10) ПОҚ – профессорлар-оқытушылар құрамы;
- 11) ОШО – оқытушылық шеберлік орталығы;
- 12) ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) білім беру, ғылым және мәдениет мәселесі жөніндегі ұйымы;

13) ЮНИТВИН – University Education Twinning and Networking Scheme. (қазақ тіліне тікелей аударғанда – «қосымша университеттік білім беру желісінің сұлбасы»);

14) ИСЕСКО – Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ислам әлемі;

15) ТДМ – тұрақты даму мақсаттары;

16) Институттар – Қоғамның құрылымдық бөлімшелері: Педагогика және психология институты (бұдан әрі – ПжПИ), Жаратылыстану және география институты (бұдан әрі – ЖжГИ), «Сорбонна-Қазақстан» институты, Тарих және құқық институты (бұдан әрі – ТжҚИ), Филология және көптілді білім беру институты (бұдан әрі – ФжКББИ), Өнер, мәдениет және спорт институты (бұдан әрі – ӨМжСИ).

3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

1. Бағдарламаның мақсаты – жоспарланған стратегиялық бағыттарда ТДМ-ды іске асыру арқылы Қоғамның сапалы әрі тұрақты дамуы.

2. Қойылған мақсатқа 2025 жылға қарай жету үшін Қоғам алдына осы Бағдарламаны іске асыруға жауапты әрбір субъектінің құзыреттеріне сәйкес келетін міндеттер қойылады:

1) барлық бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары түлектерін табысты жеке және кәсіби өміріне қажетті құзыреттерді, оның ішінде тұрақты даму, қаржылық сауаттылық, адам құқықтары, гендерлік тепе-теңдік мәселелерін оқыту, дауларды бейбіт түрде шешу және зорлық-зомбылыққа шыдамау мәдениетін баулу, жаһандық азаматтылық, ресурстарды жауапты тұтыну, экология, инклюзивтік социум шеңберінде қарым-қатынас мәдениетін сақтау дағдыларын тәрбиелеу, тұрақты даму мақсаттары туралы білім беру арқылы құзыреттерді қалыптастыратын материалды қамтуын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның білім беру қызметтерінің, Стратегияда көрсетілген тәрбиелік және әлеуметтік қызмет саласын арттыру үшін озық шетелдік тәжірибе мен ынтымақтастықты қолдану (ТДМ 17: Тұрақты даму мүдделеріндегі жаһандық әріптестіктердің шектерінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру, бұдан әрі – ТДМ 17);

3) білім беру саласындағы әлеуметтік теңсіздікті қысқарту және халықтың осал топтары, оның ішінде түрлі мүгедектігі бар (есту, көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған және т.б.) тұлғалар үшін университеттік білім алуға тең құқықты қамтамасыз ету (ТДМ 10: Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту (бұдан әрі – ТДМ 10), ТДМ 4: Ауқымды және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін бүкіл өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу (бұдан әрі – ТДМ 4);

4) болашақ мұғалімдердің өзекті кәсіби дағдыларына әлеуметтік сұранысты ескере отырып, жүйелі мониторинг жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру (ТДМ 4);

5) ең төмен табысы бар топқа жататын, атап айтқанда, аз қамтылған отбасылардан, интернаттардан шыққан студенттер үшін қаржылық көмек немесе қаржылық жеңілдіктер ұсыну бойынша университет бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (ТДМ 1: Кедейлікті оның барлық нысандарында жаппай жою, бұдан әрі – ТДМ 1);

6) табысы аз студенттердің тамақтануын жақсарту бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 2: Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға жәрдемдесу, бұдан әрі – ТДМ 2);

7) Қоғамды азық-түлік өнімдерін ұтымды және бірқалыпты тұтыну мәдениетіне дағдыландыру арқылы азық-түлік қалдықтарын қысқарту бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 12: Оңтайлы тұтыну мен өндіру үлгілеріне өтуді қамтамасыз ету, бұдан әрі – ТДМ 12);

8) Қоғамның барлық мүшелері үшін қолжетімді және салауатты тамақтану, оның ішінде вегетариандық (ет қана қолданылмайды) және вегандық (жануарлардан алынатын кез келген өнімдер қолданылмайды) тағамдар бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 3: Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста барлығының амандығына жәрдемдесу, бұдан әрі – ТДМ 3);

9) денсаулықты нығайту, оның ішінде гигиена, тамақтану, отбасыны жоспарлау, спорт, физикалық жаттығулар мәселелерін көтеру үшін (спортты насихаттау, қазақтардың денсаулық пен ұзақ өмір сүруге жетелейтін ұлттық дәстүрлері мен заманауи тәжірибесін зерттеу) Қоғам студенттері арасында ақпараттық-ағартушылық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 3);

10) студенттерге жыныстық және репродуктивтік денсаулықты қорғау бойынша қызметтерді, оның ішінде ақпараттық және білім беру қызметтерін ұсыну (ТДМ 3);

11) Қоғам кампусының аумағында темекі түтінінен еркін кеңістік құру (ТДМ 3);

12) студенттерге, қызметкерлер мен келушілерге тегін ауыз су ұсыну бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 6: Барлығы үшін су ресурстары мен санитарияның болуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, бұдан әрі – ТДМ 6);

13) су тұтынуды бақылау нормалары мен рәсімдерін жасау бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 6);

14) Қоғам мен кампустардың аумағында қалдықтарды бөлек жинау жүйесін қолдану (ТДМ 12);

15) Қоғам жұмыскерлерін Қоғам мен кампустардың аумағында қалдықтарды бөлек жинау және аталған мәдениетті тұрақты түрде сақтау бойынша оқыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (ТДМ 4, ТДМ 12);

16) студенттерді Қоғам мен кампустардың аумағында қалдықтарды бөлек жинау және Қоғамда оқу кезінде аталған мәдениетті сақтау бойынша оқыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (ТДМ 4, ТДМ 12);

17) түрлі мүгедектігі бар (есту, көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған және т.б.) тұлғалардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін қолжетімді инфрақұрылым (аудиториялары, қоғамдық тамақтану орындары, дәретханалары бар оқу және әкімшілік корпустар) бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (ТДМ 9: Берік инфрақұрылым құру, ауқымды және орнықты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу, бұдан әрі – ТДМ 9, ТДМ 11: Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету, бұдан әрі – ТДМ 11);

18) түрлі мүгедектігі бар (есту, көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған және т.б.) тұлғалар үшін Қоғамда жұмыс орындарын құру бойынша бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру (ТДМ 8: Алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, барлығы үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу, бұдан әрі – ТДМ 8).

4. Бағдарламаның іске асырылғанының көрсеткіштері

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін іске асыруды Жоспарда мәлімденген Қоғамның дамуының стратегиялық міндеттерін іске асыруға жауапты орындаушылары қамтамасыз етеді.

2. «ABAI UNIVERSITY – академиялық басымдық орталығы» атты 1-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушы – АМД):

1) оқытылатын пән арқылы ТДМ-ға қол жеткізу бойынша тақырыптарды қамтитын педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жаңа БББ-ң саны (орындаушылар – БББЖД, Институттар);

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қолжетімді университеттік педагогикалық білім беру бойынша жаңа БББ-ң саны (орындаушылар – БББЖД, Институттар);

3) бүкіл өмір бойы оқу (LLL) жағдайларын жасау үшін жаңа БББ-ң саны (орындаушылар – БББЖД, Институттар, ОШО);

4) пән мен кәсіби қызмет арқылы ТДМ-ды іске асыру бойынша түрлі ұйым оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстарының саны (орындаушылар – БББЖД, ОШО);

5) пән мен кәсіби қызмет арқылы ТДМ-ды іске асыру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ үлесі (орындаушылар – БББЖД, ОШО).

3. «ABAI UNIVERSITY – педагогикалық зерттеу университеті» атты 2-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушылар – ҒД, Институттар, Кафедра):

1) ТДМ-мен байланысты ғылыми зерттеулерге қатысатын штаттық ПОҚ, қызметкерлердің үлесі;

2) Қоғамда бір жыл ішінде жүргізілген ТДМ бойынша ғылыми іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, вебинарлар және т.б.) үлесі;

3) Қоғам ПОҚ және қызметкерлерінің ТДМ-ға және ТДМ мүдделеріндегі білім беруге арналған ғылыми іс-шараларға қатысу үлесі;

4) ТДМ мүдделеріндегі білім беруге арналған жарияланымдарның жалпы ғылыми жарияланым санынан үлесі.

4. «АБАІ UNIVERSITY – ашық университет» атты 3-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушы – ХЫД):

1) университет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық аясында оқытылатын, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім ер және әйел студенттердің жалпы студент санынан үлесі (әр санат жеке-жеке ескеріледі);

2) университет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық аясында оқытылатын, айрықша білім беру қажеттіліктері бар (ақыл-ойы сақталған) ер және әйел студенттердің жалпы студент санынан үлесі (әр санат жеке-жеке ескеріледі).

5. «АБАІ UNIVERSITY – әлеуметтік-жауапты университет» атты 4-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушылар – АМД, ТӘЖЖЖСД):

1) ТДМ туралы білетін барлық бакалавриат студенттерінің үлесі;

2) Қазақстанның МЕММ элементтері туралы білетін барлық бакалавриат студенттерінің үлесі;

3) Клуб іс-шараларына қатысатын барлық бакалавриат студенттерінің үлесі;

4) ТДМ-ды педагогикалық зерттеулерде іске асыру бойынша кафедра іс-шараларына қатысатын барлық бакалавриат, магистратура студенттерінің үлесі;

5) бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқытылатын, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім студенттердің жалпы саны (әр санат жеке-жеке ескеріледі);

6) жеңілдік шарттары бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқытылатын, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім студенттердің жалпы студент санынан үлесі (әр санат жеке-жеке ескеріледі);

7) бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқытылатын, айрықша білім беру қажеттіліктері бар (ақыл-ойы сақталған) студенттердің жалпы саны (әр санат жеке-жеке ескеріледі);

8) Қоғамда оқытылатын, эмигрант немесе босқын қатарынан саналатын барлық студент саны;

9) Қоғамда бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша мемлекеттік тілде оқытылатын, эмигрант немесе босқын қатарынан саналатын барлық студент саны;

10) Қоғамда бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша орыс тілде оқытылатын, эмигрант немесе босқын қатарынан саналатын барлық студент саны;

11) Қоғамда бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша шет тілінде оқытылатын, эмигрант немесе босқын қатарынан саналатын барлық студент саны (оқыту тілін көрсету қажет).

6. «ABAI UNIVERSITY – жұмылдырылған университет» атты 5-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушы – ТӘЖЖЖСД):

1) Қоғамның әлеуметтік және волонтерлік қызметіне тартылған барлық бакалавриат студенттерінің саны;

2) Қоғамның әлеуметтік және волонтерлік қызметіне тартылған, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім ер және әйел студенттердің жалпы студент санынан үлесі (әр гендерлік санат жеке-жеке ескеріледі);

3) Қоғамның әлеуметтік және волонтерлік қызметіне тартылған, айрықша білім беру қажеттіліктері бар (ақыл-ойы сақталған) студенттердің жалпы саны (әр гендерлік санат жеке-жеке ескеріледі);

4) Қоғамның әлеуметтік және волонтерлік қызметіне тартылған, эмигрант немесе босқын қатарынан саналатын барлық студент саны.

7. «ABAI UNIVERSITY – цифрлық университет» атты 6-шы стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушы – ББЦД): түрлі мүгедектігі бар (ақыл-ойы сақталған) барлық тұлғалардың білім беру және еңбек қызметін цифрлық қамтамасыз ету.

8. «ABAI UNIVERSITY – тиімді университет» атты 7-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушылар – ББЦД, КСБ):

1) HR қызметінің жаңа қызметкерлерді ұжымға кіріктіру және бейімдеу бойынша іс-шараларының нәтижелері;

2) Қоғамның ПОҚ қатарынан түрлі мүгедектігі бар (ақыл-ойы сақталған) барлық қызметкерлердің үлесі (әр гендерлік санат жеке-жеке ескеріледі);

3) Қоғамның ПОҚ қатарына жатпайтын, түрлі мүгедектігі бар (ақыл-ойы сақталған) барлық қызметкерлердің үлесі (әр гендерлік санат жеке-жеке ескеріледі).

9. «ABAI UNIVERSITY – FRIENDLY CAMPUS» атты 8-ші стратегиялық бағыт аясында жоспарлау және есеп беру кезінде көрсеткіштерде келесі ақпарат көзделіп, ұсынылады (орындаушы – ИДД):

1) Қоғамның студенттері, қызметкерлері және келушілері қатарынан түрлі мүгедектігі бар тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын инфрақұрылымдары (пандустар, лифт, дәретханалар және т.б.) бар кампус корпустарының саны;

2) темекі түтінінен қорғалған кампус аумағының үлесі;

3) қолжетімді таза ауыз суы бар кампус аумағының үлесі;

4) қалдықтарды бөлек жинау жүйесімен қамтамасыз етілген кампус аумағының үлесі;

5) Қоғамның қалдықтарды бөлек жинау қағидаттары бойынша оқытылған жұмыскерлерінің жалпы жұмыскер санынан үлесі;

б) Қоғамның қалдықтарды бөлек жинау қағидаттары бойынша оқытылған студенттерінің жалпы студент санынан үлесі.

10. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін іске асыру бойынша нәтижелер Қоғам сайтында, «Time Higher Education Impact Rankings» бөлімінде көрсетіледі (орындаушылар – СД, Кафедра, Институттар, ИДД, ТӘЖЖСД, ОШО).

11. Бағдарламаның орындалуын қадағалау нәтижелері бойынша Қоғамның стратегиялық даму жоспарының аясында Кафедра ТДМ саласындағы саясатты орындау бойынша есепті және Қоғам үшін қызметті жақсарту бойынша ұсынымдарды қалыптастырады.

12. Кафедра ТДМ мүддесіндегі Қоғам қызметі бойынша есептің материалдарын ЮНЕСКО сайтында жыл сайын, 31 мамырға дейін жариялайды.

5. Қорытынды ережелер

1. Осы Саясаттың орындалуын бақылау Қоғам басқармасына жүктеледі, ол Саясаттың Қоғам жұмыскерлері мен мүдделі лауазымды тұлғалардың назарына жеткізілуін қамтамасыз етеді, орындалуын және Бағдарламаның уақтылы жаңартылуын бақылайды.

2. Бағдарлама мәтініне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Қоғам басқармасы шешімінің негізінде енгізіледі.

3. Бағдарлама бекітілген күннен бастап күшіне енеді және күшін жойғанша дейін әрекет етеді.